

**№6. Медициналық мекемелердің
қаржылануы. Денсаулық сақтау
мекемелерінің қаржылану көздері.**

- Қаржыландыру – медициналық, шаруашылық, тұрмыстық, басқарушылық және т.б. анық мақсаттарға қайтарымсыз шығындану үшін физикалық немесе заңдық тұлғаларды қаржылық жағдайлармен қамтамасыз ету.
- Әр мемлекеттің денсаулық сақтау секторы экономика құрылымының үлкен материалдық, қаржы және адами қорларын тұтынады.

- Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген үлкен шығындары – бұл елдің бюджеттік шығын бөлігі емес, бұл алдымен экономикалық қайтарым әкелетін инвестициялар екенін түсіну қажет.
- Денсаулық сақтаудың қаржыландырудың үйлесімді моделі *Қазақстан үшін – нарықтық қатынасы бар модель*. Бұл тұрғындарды тәуелсіз жалпыға бірдей медициналық көмекпен қамтуға және қажеттілікке мүмкіндік береді, тұрғындардың осал топтарын жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді, медициналық қызметтің еңбек уаждemesінің механизмін дамытуға да мүмкіндік береді.

- *Денсаулық сақтау саласының қаржылық саясатының нормативтік – құқықтық базасын* Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Азаматтық кодексі, Бюджеттік кодексі, Салық кодексі, Денсаулық Кодексі, “ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы” Заңы және басқа да денсаулық сақтау саласына қатысты жарғылар, үкімдер, ережелер мен қаулылар, нормалар мен нормативтер құрады.

- Денсаулық қорғауға бюджеттік қаржыландыру есебінен қаражаттың қанша мөлшерге бөлінуі керек екендігін білу үшін әрбір ауданның, қала халқының құрамын (мысалы: балалардың, зейнеткерлердің бюджеттік мекемелердің жұмысшыларының санын) есептеу керек. Себебі, медициналық көмектің қажеттілігі, көлемі, түрлері тұрғындардың жасына, кәсіби жұмысына т.б сипаттарына сәйкес келуі тиіс.

ЖАЛҒАСЫ

- Сондықтан, бюджеттік қаржыны бөлгенде осы айырмашылықтарды еске алған жөн. Ол үшін әрбір тұрғынға есептегендегі бюджеттік қаржыландырудың есебінен әдісін талдап білу керек. Себебі әр жерде қаржыландыру мөлшері әр түрлі.
- Мысалы, Алматы қаласы бойынша бір тұрғынның денсаулығын қорғауға жұмсалған қаражат 1998 ж – 4042,2 теңге болса, 1999 ж – 3733,7 теңге, ал 2000 жылда – 3550,7 теңге болған екен.

Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландырудың мақсаты

- Халықтың тұрақты қаржылық және ресурстық жағынан қамтамасыз етілуі және осы жүйеде экономикалық қарым – қатынасты жетілдіру.
- Ол үшін денсаулық сақтау жүйесін қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін табу, жеке меншік емдеу – профилактикалық мекемелерде көбейту, сыртқы ортаны ластау арқылы халық денсаулығына зиян келтірген өндірістерден, шаруашылықтардан айып төлету т.б шараларды қолдануы қажет.

Денсаулық сақтау саласында пайда болатын қаржылық қатынастар

- Денсаулық сақтау саласын ұстауға және дамытуға бағытталған қаржы қорларын құру, бөлу, қайта бөлу және пайдаланумен байланысты болатын экономикалық қатынастардың бір бөлігі ретінде қаралса, екінші жағынан саладағы қаржы ағындарын басқаратын экономикалық әдістерді жүзеге асыру мақсатында пайда болатын ақшалай қатынастардың жиынтығы ретінде қаралады.

- Сонымен, денсаулық сақтау саласындағы ауруларды қаржыландырудың бюджеттік тапшылығы жағдайында санитарлық іс – шараларды жеткілікті және толық қаржыландырудың баламалы мүмкіндіктерін іздестіру – өзекті мәселе.
- Мемлекет кепіл берілген медициналық көмектер деңгейін өзгерткенде медициналық көмекті тұтыну көлеміне, аймақтардың өзіндік ерекшеліктеріне, аймақтардағы халық санына ерекше назар аудару қажет.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруда төмендегі инновациялық тәсілдерді қолдану қажет:

- Алға қойылған мақсатқа қол жеткізетіндей стратегиялық жоспардың және инновациялық реформалардың болуы. Бұл реформаларды қаржыландырудың тиімділігін арттыруға негіздеу қажет, яғни тұрғындардың және мемлекеттің қаражаты үнемделетін орта қалыптастыру.
- Медициналық көмек көрсетудің құрылымын жаңарту. Медициналық көмек көрсету құрылымын жаңарту моделі осы медициналық көмекті тұтынушыға бағытталған және жаңа технологияларды енгізу арқылы кешендік медициналық көмекті көрсетуді жетілдіру.

- Кешенді медициналық қызмет көрсетудің инновациялық тәсілдерін жүзеге асырғанда көптеген кедергілер орын алады, бірақ, сонымен қоса қызмет көрсету тиімділігі жоғарлайды және шығындарды азайтуға мүмкіндік туады.
- Денсаулық сақтау саласын инновациялық қаржыландыруды жүзеге асыру маңызды мәселе, осыларды шешуге жұмсалған қаражаттар негізделген болуы және нәтижесі ақталу қажет.

Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері:

- бюджет қаражаты;
- ерікті медициналық сақтандыру қаражаты;
- ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат;
- жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырмалдықтар ретінде түскен қаражат;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер болып табылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру нысандары

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру:
 - 1) мемлекеттік медициналық мекемелер үшін - жеке-дара қаржыландыру жоспары бойынша;
 - 2) мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдары үшін - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен шарт негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржы қаражаттары:

- 1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеуге;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыруға;
- 3) денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жағынан жарақтандыру;
- 4) дәрілік заттарды, қан мен оның компоненттерін, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, сондай-ақ медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алуға;
- 5) инфекциялық аурулардың көріністері мен эпидемияларын жоюға бағытталған;
- 6) медицина және фармацевтика кадрларын даярлауға, олардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға;
- 7) медицина ғылымының жетістіктерін дамытуға және енгізуге;

Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту мен қаржыландыру

- Денсаулық сақтау жүйесін тиімді құру, бастапқы медициналық-санитарлық көмектің басым дамуы негізінде.
- Денсаулық сақтау саласында басқару жүйесін және менеджментін жетілдіру.
- Денсаулық сақтауды қаржыландыру механизмін жетілдіру.

- Медициналық қызметтің жоғары сапасымен және қол жетімділігімен қамтамасыз ету. Осы міндеттерді дұрыс орындау үшін қаржыландыруды ұйымдастырып жүргізу керек.
- Қаржыландыру жүйесін жетілдіру мемлекеттік бағдарламаның басымдық міндеттерінің бірі болып табылады.

**Назарларыңызға
рахмет!**